

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Мектепалды даярлық сыныбы

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 25 – 29 қыркүйек 2023 – 2024 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу. Дидактикалық ойын «Менің отбасым» Мақсаты: Отбасы мүшелерін таныстыру. Сөйлеу арқылы тілін дамыту.	Балалар өз отбасылары туралы әңгімелеп беру. Сюжеттік ойын: «Менің ата-әжем» Мақсаты: Отбасы мүшелерінің үйдегі қызметтерін үйрету.	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу. Табиғатпен танысу Табиғат неткен көрікті, Жапырақтай жайқалып, Гүлдей жайнап өсеміз. Бір отырып, бір тұрып, Билеп-билеп аламыз.	Балаларды алаңда қабылдау.	«Күз бояуы» Мақсаты: Балаларға күз мезгілі жайлы түсінік беру. Күздің ерекшелігін сурет арқылы баяндауға үйрету. Күзгі орман туралы түсініктерін әрі қарай толықтыру.
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	Ата –аналармен әңгіме: «Дұрыс тамақтануға баулу»
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимыл -ды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау)	Дидактикалық ойын «Бұл не? Кімге керек?» Мақсаты: Балабақша қызметкерлері мен қажет құралдарымен таныстыру.	«Мен дәрігер боламын» Мақсаты: Балалар бір -бірімен ойнау арқылы өздерін дәрігер сезіне алады.	«Әдемі үйшік» Мақсаты: Балалар өз еріктерімен үйшікті құрастыра алады.	«Шаштараз» Мақсаты: Балалар ойын арқылы шаш қиюшының еңбегін түсінеді.	Үстел –үсті ойыны: «Менің балабақшам» Мақсаты: Түрлі-түсті ағаштар көмегімен балабақшасын құрастыру.
Таңертеңгі жаттығу	№ 18	№ 19	№ 20	№ 21	№ 22
Ұйымдас тырылған іс-әрекетке дайындық	«Не артық» Мақсаты: Суретте көрсетілген артық суретті алып тастап, дәрігерге керекті заттардың суретін қоя алады. Сурет салу, жапсыру	«Тәрбиеші апайлар» тақпағын мәнерлеп оқу. Мақсаты: Тақпағын қайталай отырып апайларын жақсы көре алады. Көркем әдебиет	«Теңін тап» Мақсаты: Балалар екі бірдей заттарды таба алады. Мүсіндеу	«Дүкенші» Мақсаты: Балалар мағынасын түсініп топтасып ойнауды түсінеді. Қоршаған ортамен танысу	«Кім шапшаң» Мақсаты : Балалар топтасып ойнай алады Сөйлеуді дамыту

<p>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</p>	<p>1.Қоршаған ортамен таныстыру Тірі және өлі табиғат. Тірі табиғат,оның тіршілік ортасы және өлі табиғат тағы қайталанбас құбылыс түрлері туралы білімдерін жетілдіру.Балалар қызықты да,қыр-сыры мол ғажайып әлемде өмір сүріп жатырмыз.Айналаға қарасаң,бізді көптеген заттар қоршап тұр.Олар неше түрлі әдемі ғимарат тар,жолдар,көпірлер,ұшақ, жихаздар және т.б.Бірақ айналамыздағы заттардың көпшілігі адамның көмегінсіз өздері пайда болған.Оларға жермен су, ағаштар мен жануарлар,күн мен аспан жатады.Оларды бір сөзбен табиғат деп атаймыз. Табиғаттың бір бөлігіне азық та,су да,киім де қажет емес,олар тек тау-тас, ауа,ғаламшар,яғни өлі табиғат.Ал енді бір бөлігі тыныс алады,өседі, яғни көбейеді,бұлар тірі табиғақа жатады.тірі табиғатқаадам,өсімдік,жан уар жатады.Жылдың әр мезгіліне байланысты табиғат көріністерінің суреттерін көрсету арқылы тірі және өлі табиғат арасындағы байланыс ойыны.Е.Ө.Бар ма,жоқпа өлеңін оқу.Пысықтауға арналған сұрақтар.</p>	<p>1.Сөйлеуді дамыту Бау-бақшада. Жемістердің бақта,көкөніс тердің бақшада өсетіні туралы түсіндіру.Кіріспе әңгіме. Көкөністер мен жемістер муляждары.Көкөністерге не жатады? Жемістерге не жатады? Бау мен бақшаның айырмашылығын түсіндіру. Бау-бақшаны жинау тақырыбында сурет бойынша әңгіме құрастыру.Жұмбақтар шешу.Сиқырлы қоржын дид-к ойыны.Шарты:қоржыннан көкөністер мен жемістерді алып,оның қатты,дәмді, тәтті,ащы,қышқыл зат екенін ажыратып атау.Балалар 2топқа бөліп,1-топқа көкөніс деген сөзге,ал 2-топқа жеміс сөзіне сөйлем құрастырады.Теңестір жаттығуы. Жаңылтпаш жаттау.</p> <p>2.Қазақ тілі Менің сүйікті ойыншығым. Ойыншықтарды сипаттау, сөздерді байланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптастыру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білугеүйрету.Дидактикалы қ ойын: «Алтын сақа». Алтын сақаны қолына алған бала өткен «Менің ойыншықтарым» тақырыбы бойынша сөз айтады.</p> <p>Ғажайып сәт. Қонаққакуыршақтар Сәуле мен Арман келеді. Сәуленің қолында ойыншық ақ</p>	<p>1. Сауат ашу негіздері Жеміс-жидектерді бояу. Геометриялық фигуралардың,көкөністер,жеміс-жидектердің дайынсуреттерінің сыртын шетке шығармай бастыру,бояу.Әртүрлі бағыттағы тігінен,көлденең, қысқа,ұзын,толқынды,ирек сызықтарды,нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға мүмкіндік беру.</p> <p>«Жемістерді жина» Мақсаты: Қалыпты көлемдегі заттарды берілген үлгіге қарай көз мөлшермен анықтауды дамыту.Шарты: Тәрбиеші балаларға алма ілінген ағашты көрсетіп: - «Балалар кішкентай алмаларды кішкентай кәрзеңкеге,орташаны орташа кәрзеңкеге, ал үлкен алмаларды үлкен кәрзеңкеге салуларың керек» -деп ортаға 3 баланы шығарады,алмаларды үзуді тапсырады.Ойын аяқталған соң алмалар қайтадан орнына ілініп, ойын әрі қарай жалғасады.Көрнекілігі : 3-түрлі көлемдегіүлкен,орташа,кішкентай, картоннан қырқылған алма және алма ілінген ағаштар.</p> <p>«Суреттерді құрастыр» Мақсаты: Талдау және біріктіру</p>	<p>1. Сөйлеуді дамыту Нан қайдан келеді? Тілдің грамматикалық құрылымы.Сөйлемдегі сөздерді:зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру. Кіріспе әңгіме.Нан түрлерін атау.Нанды неден пісіреді? Ұнды қалай жасайды?Мынау бидай масағы,сабағы, мұршалары.Егер бидайдың қауызын аршитын болсақ,ішінен бидайдың дәні шығады.Бидайды ұнтақ таса,ұн болады.Наубайханада осы аппақ ұнға тұз,су,ашытқы араластырып,қамыр илеп,нан пісіреді.Наубайхана,наубай шы,диірмен,комбайн суреттерін көрсетіп,сөздердің мағынасын түсіндіру. Жұмбақ шешу.Суретпен жұмыс.Диқан-егін шаруашылығымен айналысатын адам.Диқан көктемде егістікке егін-бидай,қарабидай,арпа,жүгері, сұлы т.б. егеді.Оны жаздай күтіп баптайды.Күзде егіс даласында бидайды комбайнменорады,жинайды, бастырады,жүк машинасымен тасиды.Қырманға әкеліп, тазалап,кептіреді.Сонан соң элеваторға жібереді.Элеватор-бидай сақтайтын қойма,онда көп жылдар бойы сақтауға болады.одан диірменге жібереді.Диірменшілер ұн тартады.Ұнды наубайханаға жөнелтеді.Наубайханада наубайшылар әртүрлі нан пісіреді.Ыстық нан,ұн дүкендерге түседі.Дүкеннен</p>	<p>1. Көркем әдебиет Менің ойыншықтарым. Әдеби шығармаларды эмоцианалды қабылдауына ықпал ету,олардың мазмұнын түсіну,себеп-салдарлық байланыстарды,жанрларды ажыратуды үйрету.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Бұл қандай ойыншық?» Ойын шарты: Қоржын ішінде бірнеше ойыншық болады. Балалар қоржынға қолын салып, көрмей, сипап сезу арқылы қандай ойыншық екенін табады. Ойыншық туралы өз ойын айтады.М.Әлімбаев Ойыншықтарым өлеңін оқу.<i>Өлең мазмұны бойынша сұрақтар:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> – Өлең ұнады ма? – Авторы кім? – Бұл өлеңде не туралы айтылған? – Қандай ойыншықтар туралы сөз болады? – Сенде қандай ойыншықтар бар? – Саған қандай ойыншық ұнайды? – Мынау – құлыншақ. Құлыншақтың түсі қандай? – Құлыншақтың жалы қайда болады? – Сен құлыншақты қайдан көрдің? – Құлыншақ туралы не білетініңді әңгімелеп бер. <p>Сергіту сәті: Мен құлыншақ, құлынмын, Ақын болсаң, жырыңмын. Батыр болсаң, тұлпармын, Негізі сол сырымның.</p>
---	---	--	--	--	--

	<p>2.Сауат ашу негіздері Көкеністерді бастырып бояу.Геометриялық фигуралардың,көкөністер, жеміс-жидектердің дайын суреттерінің сыртын шетке шығармай бастыру,бояу. Өртүрлі бағыттағы тігінен,көлденең,қысқа,ұзын,толқынды,ирек сызықтарды,нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға мүмкіндік беру.Артикуляциялық жаттығу жасау. «Күрекше» – тілді жалпайтып шығарып, астыңғы ерінге тигізу керек.«Ине» – ауызды кең ашып, тілді алға қарай сүйірлей шығарып, 10–15 секунд ұстап тұру керек.«Төбешік» – жоғарғы тістерді төменгі тістерге тигізіп тұрып, ерінді түтікше етіп алға созу. Осы күйде ерінді 5–10 секунд ұстап тұру керек.«Түтікше» – тілді ауыздан жалпайтып шығарып, тілдің екі шетін көтеріп, түтікшемен үрлегендей үрлеу. «Сөзге сөз қос» дидактикалық ойыны. Балалар, мен сендерге сөз айтып, сурет көрсетемін, сендер сол сөзге дауысты дыбыстан басталатын сөз</p>	<p>аю.Бұл – ақ аю, менің сүйікті ойыншығым. Аю әдемі, жұмсақ.Балалар өздерінің сүйікті ойыншықта рын атап, қысқаша сипаттайды (түсі, көлемі, неден жасалғаны).Ойын «Кім жылдам?» Тәрбиеші екі балаға тапсырма береді, олар жылдам сол тапсырманы орындаулары керек. <i>Мысалы резеңке, кішкентай аю ойыншығын әкел. Үлкен, жұмсақ қоян ойыншығын әкел.</i> Ойыншықтармен қалай ойнау керек? Балалар өз ойларын айтады. Өзіңнің сүйікті ойыншығыңның суретін сал. Шағын мәтін құра.Әр қатардан артығын тап. Қорша. Өз таңдауыңды түсіндір. «Сиқырлы қаламмен» жұмыс: Ойыншықтар. Ойын: «Дұрыс ата» Ойыншықтарды атайды, қаламмен тексереді. М.Әлімбаев Ойыншықтар өлеңін оқу.</p> <p>3.Математика негіздері 2 саны мен цифры. Сан және санау.10 көлемінде сандарды тура және кері сануға жаттықтыру. Ойын жағдаяты. Демонстрациялық материалмен жұмыс. Әлия мен Сырым сиқырлы паровозбен саяхат жасауды ұсыну. Суретте неше паровоз бар?(Біреу). Вагондарға терезе санына</p>	<p>қабілетін, кеңістік арақатынас тарының заңдылықтарын құру, үлгіні көшіру іскерлігін дамыту. Шарты: Балаларға кез-келген кесілген суреттер таратылады да, осы суреттерден бүтін суреттер құрастыру керектілігі түсіндіріледі.Көрнекілігі: әр түрлі суреттер: жемістердің, көкөністердің немесе ойыншықтардың суреттері. Дәптермен жұмыс. (графикалық жұмыс)Нүктелер мен үзік сызықтарды бастыр, жалғастыр. Саусақ жаттығуы</p> <p>2. Математика негіздері Бастыр және боя. Түрлі балалар әрекеттерінде көз бен қол үйлесімділігін, қолдардың ұсақ моторикасын дамыту. Мынау қай пішін? Мақсаты: Геометриялық пішінді сипалап анықтау арқылы айта білу. Қажетті құралдар: Картоннан жасалған геометриялық пішіндер 5–түрі. Ойын барысы: Бала топқа қарап тұрып, қолын артқа ұстайды. Тәрбиеші оның қолына геометриялық пішінді ұстатады. Бала оны сипап байқап, балаларға көрсетпей атын атайды. Кеңістік ойыны. Мақсаты: балаларды кеңістікті бағдарлауға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін, қабылдау, зейін процесстерін дамыту. Құрал-жабдықтары: әртүрлі заттар бейнеленген суреттер.</p>	<p>нанды,шелпек,нан,тоқаш,т.б. аламыз.М.Етекбаев Нан қайдан келеді? Ертегісін оқу.Нан байлық,нан-береке мақал.</p> <p>2.Қазақ тілі Саяхатшы ертегісі Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу, өз ойларын дұрыс жеткізе білу дағдыларын және сөйлеу мәдениетін дамыту. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.Саяхатшы ертегісін оқу.Ертегі мазмұны бойынша әңгіме жүргізу. -Ертегі ұнады ма? -Ертегі кейіпкерлерін ата? -Қоян нені жоғалтты? -Сәбізді нелер тауып алды?Ертегіні сахналау.</p> <p>3. Математика негіздері Біз нені үйрендік? Алған дағдылары мен білімдерін жүйелеу және бекіту. «Сиқырлы қапшық» Ойынның мақсаты: заттарды белгілі бір қасиеттері бойынша салыстыруға, топтастыруға үйрету. Ойынның құрал-жабдықтары: түсі, өлшемі, пішіні бойынша әр түрлі ойыншықтар. Ойынның мазмұны: Балалар «Сиқырлы қапшықтың» ішіндегі затты ұстап көріп, пішінін анықтайды, ойыншықты алған соң атын атап, түсін айтады. Вагондарға дөңгелек таңдау</p>	<p>Мнемокестедегі суреттерді атайды. Мнемокестедегі суреттер арқылы тақпақты жаттаймыз.Суретте не бейнеленген? Әр вагонда қандай ойыншықтар бар? Суреттегі өзіңе ұнаған ойыншықты сипатта. Сенде қандай ойыншықтар бар? Не артық? Белгіле. Балалар тапсырма бойынша артық затты тауып, белгілейді.</p> <p>2. Сауат ашу негіздері Біз нені үйрендік? Ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдіру.Сауат ашудың алғышарттарын қалыптастыру арқылы қолды жазуға дайындау. «Қарама-қарсы сөзді тап» ойыны. сұйық – ... (қоян) жуан – ... (жіңішке) кішкентай – ... (үлкен)ашық – ... (жабық) ақылды – ... (ақымақ) «Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау. Дыбыс деген не? Дыбыстар нешеге бөлінеді? Түрлерін ата. Дауысты дыбыстар қалай жасалады? «Керісінше айт» Мақсаты:Қарама-қарсы мағыналы сөздермен жауап бере білуге үйрету. Көрнекілік: доп Барысы: Балаға допты беріп қарама-қарсы мағыналы сөзбен жауап беруді сұрайды. Мысалы: «таң» десе, бала «кеш» деп</p>
--	---	--	--	--	---

	<p>қосуларын керек. Мысалы: қызыл ... (алма), ыстық ... (от), әдемі ... (әтеш), темір ... (ыдыс), қабаған ... (ит), жаңа ... (өшіргіш), тәтті ... (алмұрт), жылы ... (етік), гүрілдеген ... (экскаватор), дәмді... (ірімшік) т.б. «Қай дыбыс қайталанды?» дидактикалық жаттығуы. «Жуан дауысты дыбысты тап» дидактикалық жаттығуы. Балалар, мен сендерге сөздер айтамын, сендер жуан дауысты дыбыстан басталған сөзді естісеңдер, бір рет шапалақ ұрыңдар. Мысалы: алма, гүл, ұлу, жүзім, қатық, апорт, от, пима, Ұлбала, қайшы, ұл, ыдыс, оқтау, акку, әтеш, тауық, Ұлжан, көбелек, ымырт, Алпамыс, айна, етік, қарлығаш, жүген, түйе, ұста, ожау, тамаша, алмұрт, ірімшік, сыпырғыш, Олжас, жылан, отын, алақан т.б. Дәптермен жұмыс (графикалық жұмыс) Нүктелер мен үзік сызықтарды бастыр, жалғастыр. Саусақ жаттығуы</p> <p>3. Музыка Біздің аспаптар Ұлттық домбырада</p>	<p>сәйкес әртүрлі ертегілердің кейіпкерлері отырғызылады. Балалар ойынға қосылады. Әрбір вагонда 2 кейіпкерден болуы мүмкін екенін айқындайды. Тәрбиеші тақтаға бір паровоз және екі вагонды бекітеді. Балалар кейіпкерлерді таңдап отырғызады.</p> <p>Ойын жаттығуы: «Бір-бірден, екі-екіден көрсетілген заттарды табу» Тәрбиеші бір-бірден, екі-екіден көрсетілген заттарды топтан іздеуді ұсыну.</p> <p>Математикалық жазулар дәптерімен жұмыс.</p> <p>Тапсырмаларды орындау.</p> <p>4. Шығармашылық іс-әрекет Күзгі жапырақтар. Жиын-терін болатын, Қамбаға астық толатын. Қызыл қырман ойнайтын, Қай мезгіл деп ойлайсың? Күз мезгілінің ерекшелігі мен ағаш жапырақтарының түрін әңгімелеу.</p> <p>— Күзде табиғатта қандай өзгерістер болады? — Күзді неге «жомарт күз», «алтын күз» деп атаймыз?</p> <p>Балалардың назарын үлестірмелі материалдар дағы сюжетті суретке аудару. Жұптық жұмыс барысында емен және тал ағаштарын күзгі жапырақтармен әсемдейміз. Тәрбиеші бүктеп қию әдісін көрсетеді. Қиып алған жапырақтарын үлгіге желіммен жапсыру.</p>	<p>Мазмұны: Балалардың алдында үлкен бөлменің суреті тұрады. Балаларға суреттерді таратып беру. Суреттерді орындарына орналас тыруды ұсыну. Мысалы, балықты аквариумға салу, гүлді үстелдің үстіне, суретті қабырғаға ілу. Ойын осылай жалғаса береді. Математикалық жазулар дәптерімен жұмыс. Тапсырмаларды орындау.</p> <p>3. Көркем әдебиет Алтын астық. Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға, театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту. Бір-бірімізге көтеріңкі көңіл күй сыйлайық. Алақанды ашайық, (Алақанын көрсетеді.) Өзімізге жылу жинайық. (Алақанын жүрегінің тұсына қояды.) Жинаған жылы шуақты (Екі қолын жаяды.) Бір-бірімізге сыйлайық. (3 рет үрлеп, бір-біріне жылылық сыйлайды.) Жұмбақ жасырады. Егістікте сары алтын, Дастарқанда наны алтын. (<i>Бидай</i>) Тәрбиеші балаларға бидайдың сабағын көрсетеді. Бұл – астық, дәнді дақыл. Мынау – бидайдың дәні. Бидайдың дәнінен біз нан түрлерін дайындаймыз. Бүгін ақын Қосжан Мүсіреповтің «Алтын астық» өлеңімен танысамыз. Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп,</p>	<p>ойыны.</p> <p>Мақсаты: геометриялық пішіндерді ажыратуға, қасиеттерін білуге жаттықтыру, ойлау қабілетін дамыту. Қажетті құралдар: қағазға салынған вагондар, әртүрлі геометриялық пішіндер. Ойынның мазмұны: Балалар вагондарға лайық дөңгелектерді әртүрлі пішіндердің ішінен табады.</p> <p>Суреттерді орналастыр ойыны. Ойынның мақсаты: заттарды топтастыруға жаттықтыру, өз бетінше тапсырманы орындауға дағдыландыру, ойлау қабілетін дамыту. Ойынның құралжабдықтары: тор көз салынған қағаз беттері, әртүрлі суреттер. Ойынның мазмұны: Балалар берілген суреттерді әр бағанмен жолға олардың бірі ғана келетіндей етіп, шаршы тор көздерге орналастырады. Математикалық жазулар дәптерімен жұмыс. Тапсырмаларды орындау.</p> <p>4. Музыка Біздің аспаптар Ұлттық домбырада орындалатын күй жанрымен таныстыру. Әннің сипатын қабылдау дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру. Өуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау Балалардың музыка аспабына деген қызығушылығын арттыру.</p>	<p>жауап береді. Дәптермен жұмыс (графикалық жұмыс). Нүктелер мен үзік сызықтарды бастыр, жалғастыр. Саусақ жаттығуы</p> <p>3. Қоршаған ортамен таныстыру Табиғат құбылыстары Табиғат құбылыстары туралы білімдерін жетілдіру. Көтеріңкі көңіл-күй сыйлау. Дид-қ ойын: Жыл мезгілдерін ажырат. Жұмбақ. Ақ сандығым ашылды, Ішінен жұмбақ шашылды. Күн не үшін қажет? Ауа не үшін қажет? Ойын: Күн мен түн. Дид-қ ойын: Табиғат құбылыстарын топтастыр.</p> <p>4. Дене шынықтыру Дене қабілеттерін дамыту. Бөрененің үстімен оң-сол жанына қарай қырындап жүріп өтуде тепе-теңдік сақтауға үйрете түсу – дене бітімінің ақауларының алдын алу. Бір бірден тізбекпен жүгіру кезінде аяқтары мен қолдарының қимылын үйлестіру</p> <p>Гантельдермен жалпы дамыту жаттығуларын орындау.</p> <p>Жүгірістен кейін тыныс алуын қалыпқа келтіреді. Баланың жоғары көтерген қолынан 20 см биіктікте ілулі тұрған затты (қоңырау) жүгіріп келіп секіріп алу. Тепе-теңдік сақтау – беті сүргіленген бөрененің үстімен оң-сол жанына қарай қырындап жүріп өту. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қаршығалар мен қарлығаштар»</p>
--	--	---	---	---	--

	<p>орындалатын күй жанрымен таныстыру. Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру. Әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау Балалардың музыка аспабына деген қызығушылығын арттыру.Музыкалық-ырғақтық қимылдар «Марш»(В.Дешевов). Әуенді тыңдап, ырғақты сезіне жеңіл жүруге дағдыландыру.Марш екпінімен тізені көтере адымдай басу, бірге қимылдауды үйрету.<i>1-2 такт.</i> Шеңбер бойымен қозғалмай тұру.<i>3-18 такт.</i> Әуенінде шеңбер бойымен адымдай басып, жүру.Әуен екінші рет қайталанғанда 3-16 тактіде шеңбер ішіне бұрылып тұрып, бір орында адымдау.Музыка тыңдау: «Балбырауын» (Құрманғазы). Композитор туралы мағлұмат беру, суретін көрсету. Құрманғазының күйлеріне тоқталу. Күйдің шығу тарихын айтып беру.Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап алып, әуенді таза айтуға ұмтылу.Ән айту: «Балдырғандар әні» (Г. Жотаева).Әнді орындап, сипаты мен</p>	<p>Балалардың шығармашылығы.</p>	<p>ұйқас сөздермен жүрекке жеткізеді. Сөздік жұмыс: <i>қырман</i> – орылған астықты кептіріп, жинайтын жер <i>дәулет Отанымыздың мол астығы, байлық</i> деген мағынада.<i>Өлең мазмұны бойынша сұрақтар:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> – Сендерге өлең ұнады ма? – Өлең шумақтарында не жайында айтылған? – Өлеңді кім жазған? – Алтын астық деген сөзді қалай түсінесің? – Астыққа не жатады? – Астық үлкен еңбектің арқасында келеді дегенді қалай түсінесің? <p>Сергіту сәті: Жайқалады ақ бидай, Басын иіп аққудай. Трактор мен комбайн, Жүргізуге мен дайын.</p> <p>Суреттегі қай жыл мезгілі? Суретте не бейнеленген? Астықты қырманға немен жеткізеді? Жұмыс барысының реті бойынша нөмірле. Тәрбиеші балалармен тапсырманы талқылайды, суреттерді көрсетеді, бірінен кейін бірі келетін ретін анықтайды. Балаларға суреттің қасына ретімен нөмірін қойғызып, белгілетеді. Жұмбақты шеш. Ұзын мұртты сарылар, Қойнында дәні бар. (<i>Бидай</i>) Не артық? Белгіле. Балаларға астық жинауға қатысы жоқ затты – себетті белгілейді.</p>	<p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар «Марш» (В.Дешевов). Әуенді тыңдап, ырғақты сезіне жеңіл жүруге дағдыландыру Марш екпінімен тізені көтере адымдай басу, бірге қимылдауды үйрету.<i>1-2 такт.</i> Шеңбер бойымен қозғалмай тұру.<i>3-18 такт.</i> Әуенінде шеңбер бойымен адымдай басып, жүру.Әуен екінші рет қайталанғанда 3-16 тактіде шеңбер ішіне бұрылып тұрып, бір орында адымдау.Музыка тыңдау: «Балбырауын» (Құрманғазы). Композитор туралы мағлұмат беру, суретін көрсету. Құрманғазының күйлеріне тоқталу. Күйдің шығу тарихын айтып беру.Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап алып, әуенді таза айтуға ұмтылу.Ән айту: «Балдырғандар әні» (Г. Жотаева).Әнді орындап, сипаты мен мазмұнына мән беріп, талдап, әңгімелеу. Әнді орындау кезінде бір-бірін тыңдап, үндесіп айтуға көңіл аудару.Таныс «Мен өнерлі баламын» әнін (М. Омаров) қайталау, әнді үйренуді жалғастыру. Жеке және хормен айту.Билер: «Шабандоздар биі» (үнтаспада «Жұмыр қылыш», «Жұптасу биі» (чех халық әуені).Музыкалық аспапта ойнау: «Еркем-ай» қазақтың халық әні (өңдеген Б. Дәлденбай).</p>	<p>Ойыншылар екі топқа бөлініп, бір-біріне арқаларын қаратып тұра қалады.Жүргізуші орталарында тұрады. Ұлдар командасы – «Қаршығалар», қыздар командасы – «Қарлығаштар». «Қаршығалар!» деп команда берілген кезде ұлдар қыздарды ұстап алуға тырысады. «Қарлығаштар!» деп команда берілген кезде қыздар ұлдарды ұстап алуға тырысады. Ұсталғандары қарсылас командаға өтеді.Құлақ қалқанын уқалау.Құлақ сырғалықтарын екі қолдың барлық саусақтарымен жылығанын сезінгенше жоғары-төмен, алдынан-артынан сипаудан бастайды. Енді аздаған шымшымажаттығуларды орындайды. Құлақ қалқанын 1, 3, 4 - саусақтармен ұстап, ақырындап умаждау.Ойын жаттығуы: «Еркін тыныс ал, көркем ойла!» «Мен – мықты арыстанмын!» «Мен – ең шапшаң қабыланмын!» «Мен – жүйрік жолбарыспын!» «Мен – қайсар қасқырмын!»</p>
--	---	----------------------------------	---	---	--

мазмұнына мән беріп, талдап, әңгімелеу. Әнді орындау кезінде бір-бірін тыңдап, үндесіп айтуға көңіл аудару. Таныс «Мен өнерлі баламын» әнін (М. Омаров) қайталау, әнді үйренуді жалғастыру. Жеке және хормен айту.
Билер: «Шабандоздар биі» (ұнтаспада «Жұмыр қылыш», «Жұптасу биі» (чех халық әуені).
Музыкалық аспапта ойнау: «Еркем-ай» қазақтың халық әні (өңдеген Б. Дәлденбай).

4. Дене шынықтыру

Қалай спортшы болуға болады? Екпінмен жүгіріп келіп, 25 см биіктікте ілінген затқа қолын жоғары көтеріп секіріп тигізуге үйрету; аяқтың итерілу күші мен қолды сермеу қимыл-қозғалыстарын жетілдіру. Тыныс алу жаттығуы «Біз спортпен айналысамыз, сондықтан жылдам өсеміз» – қолды жоғары көтеріп, аяқтың ұшымен тұру – тыныс алу. «Күннен-күнге бойымыз өсіп барады» – қолды төмен түсіріп, барлық табанмен

4. Дене шынықтыру
Менің сүйікті жануарларым
Өзін айнала бұрылып секіруге үйрету.
Аяқтарын бүгіп, екі аяқ ұшымен еденнен итеріле білу шеберліктерін дамыту.
«Ерекше жануар» тренингі. Бір-біріміздің қолдарымыздан ұстап, шеңберге тұрайық. Әрқайсысың өздеріңді бір ерекше жануармын деп ойлаңдар. Дем алу дем шығару жаттығуларының норындаймыз. Жүрегіміздің қалай соққанын тыңдайық. Түк – бір адым алға, түк – бір адым артқа.

«Қазақстан жануарлары» ойын-жаттығуы – (музыка әуеніне сай әртүрлі жануарлардың жүрісін салады). Тізбекте бір-бірден тұрып, аңдардың жүрісін, жүгірісін салып жүреді, жүгіреді, түрлі тапсырмаларды орындайды. Ритмикалық гимнастика – музыка әуенімен нұсқауларды аса дәлдікпен орындату. Кешен бойы дене бітімдерін түзу ұстау.

Ойын-жаттығуы: «Көңілді қонжықтар»
Алақан мен тізеге таянып, гимнастикалық орындық үстінде еңбектеу. Аю, қонжық туралы жұмбақтардың шешуін табады. Қол мен аяқтарын

еденге түсу дем шығару.Сап түзеп залдың біршетінен қарама-қарсы жаққа жүру. Екі-екідентізбекке, сапқа тұрады. Ептілікке жаттықтыру. Негізгі қимыл-қозғалыстары: Төзімділікке жаттықтыру. Алақан мен тізеге таянып, гимнастикалық орындық үстінде еңбектеуді жетілдіру. Қауіпсіздік техникасын сақтау. Дәлдікке жаттықтыру. Екпінмен жүгіріп келіп, 20 см биіктікте ілінген затқа қолын жоғары көтеріп секіріп тигізуге үйрету; аяқтың итерілу күші мен қолды сермеу қимыл-қозғалыстарын жетілдіру. **Қимыл-қозғалыс ойыны:«Кім зейінді?»**Ойынның шартын түсіндіреді. Капитанның артынан төрт тізбекке тұру. Спорт түрлеріне байланысты төрт командаға бөлінеді.Капитан дардың қолдарын да доп болады (төрт капитан – төрт түсті доп).

үйлестіріп қозғайды. **Ойын-жаттығуы:** «Тұлпар»Әртүрлі бағыт және қарқынмен жүгіру. (музыка әуенімен)Бірінші сапта тұрған балалар тізелерін сәл бүгіп секіреді, ал екінші саптағылар шапалақ ұрады.«**Орқоян**» Бір орнында тұрып айналып секіру. Ырғақпен секіреді, шапалақтың дауысын мұқият тыңдап, бір мезетте ұруға тырысады. **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қасқыр мен лақтар»** Шарты: қарама-қарсы жаққа тек белгіден кейін жүгіру қажет. Залдың бір шетінде сап түзеп тұрады. «Қасқыр» зал ортасына орналасады. **«Хайуанаттар бағы» жаттығуы.**Мақсаты: психологиялық жайсыздық тудыратын мінез-құлықтарын тәрбиелеу.Балаларға хайуанаттар бағындағы бір жануарды таңдап, сол жануардың қимылын салуға тапсырма беру.

Серуенге дайындық	Балалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу.	Серуенге ойын құралдарын дайындау.	Серуенде балаларды жақсы әрекеттер етуге ынталандыру.	Серуен кезінде ұйымдастырылған еңбек тәрбиесі арқылы еңбек-сүйгіштікке баулу.	Табиғатқа деген қызығушылықтарын арттыру.
Серуендеу	№ 18	№ 19	№ 20	№ 21	№ 22

Балалардың дербес әрекеті	Дербес ойын «Қуыршақты тамақтандыр». Мақсаты: Балалардың ойынға деген қызығушылығын арттыру.	Танымдық-қимылды ойын: «Аңдар жүрісі» Мақсаты: Балалар аңдардың жүрісін салып, санай алады.	Суреттік боямалар «Кім, қайда өмір сүреді» Мақсаты: Балалар суретті таза бояп, туған жеріндегі жан-жануарлардың мекендерімен таныса алады.	Кітаппен жұмыс «Аспазшы» Мақсаты: Балалар аспазшы туралы түсіндіре алады.	Дербес ойын «Мозайка» Мақсаты: Балалар мазайканың ұсақ бөліктерін орналастыра алады.
Балалар мен жеке жұмыс	Жеке баламен жұмыс: Жұлдызға қаламды дұрыс қолдануға үйрету. Танып алда атын ата ойыны. Ойынның мақсаты: заттың түр-түсін, пішінін, атын атауға жаттықтыру; сөздік қорын молайту; ойлау қабілетін дамыту. Ойынның құрал-жабдықтары: әр түрлі ойыншықтар немесе суреттер. Ойынның мазмұны: Балаларға әртүрлі ойыншықтарды көрсету. Ортаға бір-бір баладан шақырып, бір ойыншықты алып, оның түр-түсін, пішінін, қасиетін анықтауды және сол ойыншық жайлы әңгіме құрауды ұсынады.	Жеке баламен жұмыс: Зейнурге түстерді ажырата білуге үйрету. Жапырақтар ойыны Мақсаты: Бірқалыпты, ерікті дем шығаруға үйрету. Қажетті құралдар: Жұқа қағаздан ойып жасалған сары және қызыл жапырақтар. Ойын барысы: Тәрбиеші балаға күзде ағаштардың жапырақтары түсетінін түсіндіреді. Бұл құбылыс жапырақтардың түсуі деп аталады. Жапырақтардың түсуін үйде ұйымдастыруды түсіндіреді. Бала жапырақтар ұшатындай, оларға үрлейді. Жаттығу 2-3 рет орындалады.	Жеке баламен жұмыс: Инжудің құрастыруға деген қызығушылығын арттыру. Әдемі кілемшелер ойыны Мақсаты: бөліктерден кілемше жасауға үйрету; қабылдау, ес, зейін процесстерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Қажетті құралдар: қағаздан жасалған кілемшелер, геометриялық пішіндер. Ойын барысы: Балалар геометриялық пішіндерді берілген кілемшелердің үстіне қойып, құрақ құрайды.	Жеке баламен жұмыс: Алияға қаламды дұрыс ұстауға үйрету. Өз үйіңді тап ойыны Мақсаты: түстерді ажыратуға жаттықтыру; қабылдауын дамыту; ойынның ережесін сақтауға үйрету. Қажетті құралдар: түрлі-түсті дөңгелектер. Ойын барысы: Балаларға түрлі-түсті дөңгелектер таратып, түстерін атау. Белгі бойынша балалар дөңгелектерінің түсі бойынша үлкен шеңберлер жасап өз үйлерін жылдам тауып, тұра қалу.	Кептерді қуып жет” ойыны. Мақсаты: Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын, бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. Балаларды ұжымда ойнай алуға тәрбиелеу. Ойынның шарты: Ойынды 15-20 бала ойнайды. Жерге шеңбер сызылады. Ортаға тәрбиеші таңдаған бала-мысық тұрады, ал қалған балалар шеңберді айнала кептерлер болып тұрады, мысық ұйықтайды. Кептерлер шеңберді айналып жүріп, дөңдерді шоқиды, мысық оянып кептерлерді қуады.
Балалардың үйге қайтуы	Ата-анаға кеңес: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	Психологтың кеңесі: Үйде баланың үй тапсырмасын қадағалау.	Балалармен өз отбасы туралы әңгімелесу.	Ата-аналармен әңгімелесу. Балаларды қайтару.	Кеңес: «Бала мен қоғам»

